

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Темір жол министрлігі арасындағы Жолтабан ені 1435 мм Трансқазақстан темір жол магистралін салу мүмкіндігін зерттеу жөніндегі ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 шілдедегі N 679 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Темір жол министрлігі арасындағы Жолтабан ені 1435 мм Трансқазақстан темір жол магистралін салу мүмкіндігін зерттеу жөніндегі ынтымақтастық туралы меморандумға қол қоюға келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Темір жол министрлігі арасындағы Жолтабан ені 1435 мм Трансқазақстан темір жол магистралін салу мүмкіндігін зерттеу жөніндегі ынтымақтастық туралы меморандум

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Темір жол министрлігі

екі елдің темір жолдары арасындағы достық пен ынтымақтастық қарым-қатынастарын негізге ала отырып, еуразия көлік дәлізін дамытудың маңызды мәнін ескере отырып, екі ел арасындағы темір жол көлігі байланысын және олардың аумақтары арқылы өтетін транзитті кеңейту мақсатында, мынадай мәселелер бойынша өзара түсінікке қол жеткізді:

1. Тараптар осы магистральдың бұдан әрі қарай Түркіменстан аумағы арқылы өту мүмкіндігі бар және Иран Ислам Республикасының жолтабан ені 1435 мм темір жол магистралімен қосылатын және Түркия аумағы арқылы еуропа темір жол желісіне

шығатын Достық станциясынан Түркіменстанмен мемлекеттік шекараға дейінгі бағытта жолтабан ені 1435 мм Трансқазақстан темір жол магистралін (бұдан әрі - ТҚТМ) салу мүмкіндігін зерттеудің маңыздылығына назар аударды.

2. Тараптар ТҚТМ-ді салу мүмкіндігін зерттеу жөніндегі ынтымақтастықты дамыту ниетін қолдайтын болады.

Қытай Тарабы Қазақстан Тарабына осы зерттеуді орындауда көмек көрсетеді.

3. Тараптар ТҚТМ салуды зерттеу жөніндегі ынтымақтастықты Қазақстан - Қытай темір жол көлігі саласындағы ынтымақтастық жөніндегі кіші комитеті шеңберінде дамытатын болады.

4. Осы Меморандумды орындауды үйлестіру үшін құзыретті органдар мыналар болып табылады:

Қазақстан тарабынан - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Қатынас жолдары комитеті,

Қытай тарабынан - Қытай Халық Республикасы Темір жол министрлігінің Халықаралық ынтымақтастық департаменті.

Тараптар құзыретті органдардың атауларындағы немесе олар орындайтын функциялардағы өзгерістер туралы бір-бірін уақытылы хабардар ететін болады.

5. Осы Меморандум қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және Тараптардың біреуі екінші Тараптардың оның қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын алған күннен бастап алты ай өткенге дейін қолданыста болады.

2005 жылғы "___" _____ қаласында әрқайсысы қазақ, қытай және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

*Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрлігі үшін*

*Қытай Халық Республикасы
Темір жол министрлігі үшін*